

## "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 2224 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 5250 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 662 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 17.06.2016 № 662 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының, 31-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қашар кентінің әкімі М.С. Куанышбаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Фаязов*

Рудный қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 26 қарашадағы  
№ 2224 қаулысымен бекітілген

## **"Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер
  1. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кент әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
  2. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары

жоқ.

3. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Рудный қаласының әкімдігі болып табылады.

5. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме үйімдыш-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

8. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

9. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111507, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қашар кенті, 1 шағынаудан, № 38 ғимарат.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2. Мемлекеттік мекеменің миссиясы,**  
негізгі міндеттері, функциялары,  
құқықтары мен міндеттері

15. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: кент әкімінің ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

16. Міндеттері:

1) мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылымын қорғау және нығайту, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясаттың және елдегі экономикалық үрдістерді басқаруды жүзеге асыру;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін жүзеге асыру, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтық сана деңгейін және еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі олардың азаматтық белсенеді көзқарасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру.

5) қоғамдық ұйымдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау.

17. Функциялары:

1) ақпараттарды жинауды, өндөуді жүзеге асыру және кент әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдармен қамтамасыз ету;

2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

3) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

4) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жай-күйіне және орындаушылық тәртібіне талдау жүргізу;

5) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды, құқықтық жалпы оқытуды және басқа да іс-шараларды өткізу;

6) кент әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

7) заңнаманың нормалары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану;

8) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;

9) әкімнің актілерін тиісті ресімдеуді қамтамасыз етеді;

- 10) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің іс жүргізу жоспарына сәйкес жұмысты ұйымдастыру;
- 11) қызметтік құжаттар мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau;
- 12) азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру;
- 13) мемлекеттік тілді кең қолдануға бағытталған шараларды қабылдау;
- 14) жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 15) мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;
- 16) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
- 17) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу;
- 19) құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету Тізіліміне өзгерістер және/ немесе толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасау;
- 20) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыру.

### 18. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) осы ережемен қарастырылған негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрауға және алуға құқығы бар;
- 2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалар өкілдеріне түсініктемелер беру;
- 3) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттерді жүзеге асыру.

### 3. Мемлекеттік мекеменің

#### қызметін ұйымдастыру

19. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты кент әкімі жүзеге асырады, ол "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

21. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкілеттігі:

- 1) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;
- 2) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін өзірлейді;
- 3) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіппен "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындауды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 5) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;
- 6) кент әкімімен қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;
- 7) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 8) "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарларға жібереді;
- 9) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 10) нормативтік құқықтық актілер, бағдарламалар және басқа да құжаттардың жобаларын дайындау үшін жұмыс топтарын құрады;
- 11) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асырады;
- 12) өз құзыретінің шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес жүргізеді;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді орындауды.

Жұмыс тәртібі "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімінің өкімімен бекітілген "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс регламентіне сәйкес анықталады.

22. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

#### **4. Мемлекеттік мекеменің**

**мұлкі**

23. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болу мүмкін.

"Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заннамада өзгеше көзделмесе, "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік мекемені қайта**

**ұйымдастыру және тарату**

26. "Қашар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК